

Павлодар облыстық мәслихатының 2021 жылғы 22 сәуірдегі № 24/3 "Павлодар облысының аумағында ауыл шаруашылығы жануарларын жаю қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Павлодар облыстық мәслихатының 2023 жылғы 11 қыркүйектегі № 56/4 шешімі

Павлодар облыстық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Павлодар облыстық мәслихатының "Павлодар облысының аумағында ауыл шаруашылығы жануарларын жаю қағидаларын бекіту туралы" 2021 жылғы 22 сәуірдегі № 24/3 шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Қағидалардың 7 тармағының келесі редакцияда жазылсын: "7. Ауыл шаруашылығы жануарларын жаю және айдап өту жерлерін айқындау кезінде жануарлар дүниесі объектілерінің мекендеу ортасын және көбею жағдайларын, жануарлардың қоныс аудару жолдары мен шоғырлану орындарын сақтау жөніндегі іс-шаралар көзделеді және жүзеге асырылады, сондай-ақ "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабының 1-тармағына сәйкес жабайы жануарлардың мекендеу ортасы ретінде ерекше құнды учаскелерге қол сұғылмаушылық қамтамасыз етіледі."

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихат төрағасы

И. Теренченко